

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігінің Үкіметі арасындағы
Білім және мәдениет саласындағы 2000-2003 жылдарға арналған ынтымақтастық
бағдарламасын жасасу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қазан N 1606

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігінің Үкіметі арасындағы Білім және мәдениет саласындағы 2000-2003 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасының жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Алтынбек Сәрсенбайұлы Сәрсенбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігінің Үкіметі арасында Білім және мәдениет саласындағы 2000-2003 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасын жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігінің
Үкіметі арасындағы Білім және мәдениет саласындағы 2000-2003
жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Испания Корольдігінің Үкіметі,

Тараптар мемлекеттері арасындағы мәдениет және білім саласындағы
ынтымақтастықты тереңдетуге ықылас және өзара мүдделілікті білдіре отырып,
бірлескен жобаларды, мәдени алмасуларды жүзеге асыру Тараптар мемлекеттері
арасындағы достықты нығайтуға септігін тигізетініне сене отырып,

Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы Мәдениет, білім және
ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы 1997 жылғы 27 қазанындағы келісім
шеңберінде белгіленген байланыстарды нығайту мақсатында,
төмендегі туралы келісті:

I. Білім саласындағы ынтымақтастық

1 бап

Тараптар білім саласында төмендегі бағыттар бойынша ынтымақтастықты дамытады және ынталандырады:

- а) Тараптар мемлекеттеріндегі білім беру жүйесіне, оқытудың жаңа әдістемелеріне, педагогикалық әдебиеттер мен білім туралы жарияланымдар туралы алмасуларға қатысты ақпарат алмасу;
- б) жоғарғы оқу орындары арасындағы тікелей алмасулар;
- в) жоғарғы оқу орындарының және ғылыми-зерттеу институттары мамандарымен алмасу (жылына 3 адам);
- г) филология саласында сарапшылар алмасу (жылына 2 адам).

II. Білім беру бағдарламалары

2 бап

Қазақстан тарабы Бағдарлама барысында Испания Корольдігінің жоғарғы білімі бар азаматтарына төмендегідей білім беру бағдарламаларын ұсынады.

а) Жыл сайынғы негізде испан тарабына Қазақстан Республикасының оқу және ғылым ұйымдарында бір академиялық жылға қазаннан маусымға дейін зерттеу жұмыстарын жүргізуге немесе стажировкаға екі (2) білім беру курстарын;

б) Жыл сайынғы негізде Қазақстан Республикасының оқу және ғылым ұйымдарындағы стажировкаларға бір академиялық жылдан артық кезеңге білім беру курстарын.

3 бап

Испан тарабы Бағдарлама барысында Қазақстан Республикасының жоғарғы білімі бар азаматтарына төмендегідей стипендиялар ұсынады:

а) Бір академиялық жылға зерттеу жұмыстары бойынша немесе Испания Корольдігінің білім және ғылым ұйымдарында стажировкаға екі (2) стипендия. Әр

стипендия бір немесе бірнеше грант иелеріне, ең кемі үш (3) айға немесе ең ұзағы тоғыз (9) айға қазаннан маусымға дейінгі кезеңге арналған;

б) Мадридтегі Испан жазғы мектебінде маусымда шетелдіктер үшін испан тілі мен мәдениетін зерттеу курсына қатысу үшін екі (2) бір айлық стипендия. Курстарды Испания Корольдігінің Сыртқы істер министрлігі және Мадридтің Комплутенсе Университеті ұйымдастырады;

в) Қазақстан Республикасындағы Испания Корольдігінің Елшілігі арқылы

мәдени және ғылыми байланыстар жөніндегі Бас Директораты ұсынатын шетелдік мамандар үшін Испания Корольдігінің тарихы, әдебиеті және мәдениеті салаларындағы зерттеулік жұмыстарға стипендиялар;

г) Мадридтегі Дипломатиялық мектепке Халықаралық қатынастар жөніндегі курстарға Қазақстандық үміткерлер үшін, егер олар оқуға түсуге қойылатын талаптарға жауап берсе, стипендиялар.

III. Мәдениет саласындағы ынтымақтастық

4 бап

Тараптар:

а) Тараптар мемлекеттері аумақтарында мәдени шаралар мен көрмелер өткізуге жәрдемдесетін;

б) Тараптар мемлекеттерінің құзырлы органдары арасында кәсіби өнер саласында ынтымақтастықты дамытатын;

в) Тараптардың біреуі өткізетін бейнелеу өнері мен өнердің орындаушылық түрлері, әдебиет, мұрағат ісі, кітапхана ісі, кинематография саласындағы мәжілістерге испандық және қазақстандық мамандардың өзара қатысуларын ынталандыратын б о л а д ы .

5 бап

Тараптар мәдениет апталықтарын Тараптар мемлекеттері аумақтарында, киноға зор маңыз бере отырып, өзара өткізуге жәрдемдеседі.

6 бап

Тараптар барлық салаларда интеллектуалдық меншікке авторлық құқықты және аралас құқықты қорғау жөніндегі ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

7 бап

Испан тарабы испан авторларының ғылыми және әдеби жұмыстарын олардың ана тілдеріне аудару және жариялау жөніндегі Баспаларға көмек бағдарламасы туралы ақпаратты ұсынады. Бұл көмек мәдениет жөніндегі Испан Мемлекеттік Секретариаты арқылы жүзеге асырылады.

8 бап

Тараптар мұрағаттық құжаттар саласындағы ынтымақтастықты төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

- а) мұрағаттық құжаттарды жүргізу саласында тәжірибе алмасу;
- б) жарияланымдар алмасу (жол көрсеткіштер, каталогтар, мүкәммалдық парақтар және т. б.) ;
- в) мәдени мұраның бөлігі болып табылатын құжаттарды сақтау, қалпына келтіру және микрофильмдеу ;
- г) Тараптардың тиісті мұрағат қызметтерімен келісілген тақырыптар бойынша мұрағат құжаттарының көрмелерін ұйымдастыру.

9 бап

Кітап шығару және кітап тарату мәселелерімен айналысатын мекемелер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында Тараптардың Ұлттық кітапханалары :

- а) библиографиялық ақпарат және құжаттарға жол ашу саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- б) кітапханаларда жаңа ғылыми технологияларды қолдану жөнінде тәжірибе

алмасуды

жүзеге

асырады ;

в) Испан Ұлттық кітапханасына қазақстан авторларының Испания туралы шығармаларын, сондай-ақ Қазақстанда жарияланған испан және латын америка авторлары шығармаларының аудармаларын сатып алуға жәрдемдеседі;

г) библиографиялық ақпарат және құжаттарға жол ашу саласында, сондай-ақ кітапханаларда жаңа технологияларды қолдану жөнінде тәжірибе алмасудағы ынтымақтастыққа ұйтқы болады, ол үшін осы Бағдарламаның жұмыс істейтін кезеңінде испан тарабы испан тілін білетін бір кітапханашыны Испания Корольдігінің Ұлттық кітапханасына, ал қазақстан тарабы қазақ немесе орыс тілін білетін бір кітапханашыны Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына шақырады.

10 бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес Тараптардың мемлекеттік және көпшілік кітапханалары арасында ортақ тарихи-мәдени маңызы бар репродукциялармен және микрофильмдермен алмасуды жүзеге асырады.

11 бап

Т а р а п т а р :

а) мемлекеттік мұражайлар арасында ақпарат және құжаттар алмасуды жүзеге асыруға жәрдемдесетін ;

б) жаңа технологияларды қолдану жөніндегі ынтымақтастыққа және тәжірибе алмасатын ;

в) Тараптар мемлекеттерінің бірі өздері ұйымдастырған стажировкалар туралы хабардар ете және оларға қатысуға мүмкіндік жасай отырып, мұражай ісі саласында мамандарды оқыту бағдарламасын жүзеге асыратын болады.

12 бап

Тараптар тарихи мұраларды зерттеу саласында осы салада ақпарат, мамандардың жарияланымдарын алмасу жолымен, сондай-ақ тарихи мұраларды сақтау және қалпына келтіруге қатысты жүзеге асырылатын кез келген қызмет туралы ақпарат алмасуда

ә р е к е т т е с т і к

ж а с а й д ы .

Испания тарихи мұралар институты қазақстан тарабына мәдени құндылықтарды сақтау және қалпына келтіру жөніндегі курстарға қатысуға мүмкіндіктер ұсынады.

IV. Жалпы және қаржылық ережелер

13 бап

Т а р а п т а р :

а) қызметтің түрлері және мәдени алмасу Тараптар мемлекеттері бюджеттерінің шектеулеріне сәйкес шектелетіндігіне;

б) осы Бағдарламада көрсетілген мәдени алмасулар Тараптардың дипломатиялық арналары арқылы келісулері мүмкін басқа да қызмет түрлерін, сапарлар мен ұсыныстарды жоққа шығармайтындығына;

в) көрсетілген барлық сомалар Тараптардың мемлекеттік бюджеттерінде қарастырылған қаражаттарға сәйкес жыл сайын өзгеруі мүмкін екендігіне кепілдік б е р е д і .

14 бап

Қазақстан тарабы Қазақстан Республикасының қабылдаушы жоғарғы оқу орнының қаражатынан білім алып жүрген испан азаматтарына зерттеу жұмыстарын жүргізуге 10000 (он мың) теңге және аспирантурада оқуға 14000 (он төрт мың) теңге көлемінде ай сайынғы ақшалай қаржы төлемін, сондай-ақ дәрілерге, стоматологиялық қызмет көрсетуге және созылмалы ауруларды профилактикалық емдеуге төлемдер шығыстарына таратылмайтын медициналық сақтандыруды қамтамасыз етеді.

Балама вариант ретінде қабылдайтын оқу орнының отбасында тұруға жағдай ж а с а у ғ а м ү м к і н .

Испан үміткерлерінің сауалнамалары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне 25 сәуірге дейін жіберіледі. Ұсынылған үміткерлерді іріктеу жөніндегі соңғы шешімді қазақстан тарабы қабылдайды.

15 бап

Испан тарабы ұзақ мерзімді гранттарға ай сайын тоқсан жеті мың бес жүз песет (97,500) ұсынады, жеті (7), сегіз (8) және тоғыз (9) айларға ең ірі мөлшердегі стипендия жүз мың песет (100,000) бөлінеді. Жеті (7) айдан кем мерзімге бөлінетін гранттарға стипендиялар бөлінбейді. Барлық гранттар дәрілерге, стоматологиялық қызмет көрсетуге және созылмалы ауруларды профилактикалық емдеуге төлемдер шығыстарына таратылмайтын медициналық сақтандырулармен қамтамасыз етіледі.

16 бап

Жазғы курстар бойынша испан тарабы құрамына Мадридтегі дипломатиялық мектептің Испан жазғы мектебінде шілде айында курста тегін оқу, бөлме немесе университет пансионатындағы жиһаздалған бөлме, демалыс күндеріндегі кешкі астарға, жексенбі күні тамақтануға, мерекелерге, сондай-ақ дәрілерге, стоматологиялық қызмет көрсету және созылмалы ауруларды профилактикалық емдеуге төлем шығыстарына таратылмайтын медициналық сақтандыру енетін жиырма екі мың бес жүз (22,500) песет жыл сайынғы грант ұсынады.

Қазақстандық үміткерлердің сауалнамалары Испания Корольдігінің Сыртқы істер министрлігіне 31 наурызға дейін ұсынылуы керек. Гранттар алуға ұсынылған үміткерлерді іріктеу жөніндегі соңғы шешімді испан тарабы қабылдайды.

17 бап

Бағдарламаның барлық жағдайларында, егер басқа келісімге қол жеткізілмесе, жіберуші тарап екі бағытқа да көлік шығыстарын өтейді. Қабылдаушы тарап жобаны табысты жүзеге асыру мақсатында мемлекет ішіндегі барлық көлік шығыстарын ж а б у ғ а т и і с т і .

18 бап

Алмасу бағдарламасының барлық жағдайларында испан тарабы екі (2) аптадан кем емес сапар уақытына көлемі (13,000) он үш мың песет болатын тәуліктік қаржылай жәрдемақы, сондай-ақ дәрілерге, стоматологиялық қызмет көрсету және созылмалы

ауруларды профилактикалық емдеуге төлем шығыстарына таратылмайтын медициналық сақтандыру береді.

19 бап

Алмасу бағдарламасының барлық жағдайларында қазақстан тарабы испан сарапшыларының Қазақстан Республикасындағы жүріп-тұруын, көлік шығындарын жабады және кейбір жағдайларда дәрілерге, стоматологиялық қызмет көрсету және созылмалы ауруларды профилактикалық емдеуге төлем шығыстарына таратылмайтын медициналық сақтандырумен қамтамасыз етеді.

20 бап

Жіберуші тарап дипломатиялық арналар арқылы жоспарланған сапарға төрт ай бұрын жіберілетін сарапшыларға, әртістерге қатысты төмендегідей ақпарат жібереді:

а) жіберілетін тұлғалардың аттары, білімдері туралы мәліметтер, төлқұжаттар нөмірлері, шетел тілдерін меңгерулері және қабылдаушы Тарап талап еткен барлық а қ п а р а т т ы ;

б) келу мақсаты (қызмет немесе оқу бағдарламасы) және алмасу іске асырылатын Б а ғ д а р л а м а б а б ы ;

в) келуіне екі апта қалғанға дейін келудің нақты күнін көрсетіп, сапар мерзімін.

V . Қ о р ы т ы н д ы е р е ж е л е р

21 бап

Тараптардың өзара уағдаласулары бойынша осы Бағдарламаға өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Бағдарламаның ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

22 бап

Осы Бағдарлама Тараптардың, олар жасаған басқа халықаралық шарттарынан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

23 бап

Осы Бағдарламаның ережелерін түсіндіру мен қолдануға байланысты

таластар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер және консультациялар арқылы шешетін болады.

Осы Бағдарлама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 3 жыл мерзімге жасалған.

_____ қаласында 2000 жылғы " ____ " _____ екі түпнұсқа данада қазақ, испан, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды және барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Бағдарламаның ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Испания Корольдігінің
Үкіметі үшін